

ISSN: 1814-6961 (print)  
ISSN: 2788-9718 (online)

**Отан тарихы**  
**Отечественная история**  
**History of the Homeland**

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал  
2023. № 26 (1)

---

### **Бас редакторы:**

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

### **Редакциялық алқа**

1. Әбіл Еркін Аманжолұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Мемлекет тарихы институтының директоры (Астана, Қазақстан); [Scopus Author ID: 55801644900](#); [ORCID](#)
2. Әжіғали Серік Ескендірұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі; Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57478728700](#); [ORCID](#)
3. Әбусейітова Меруерт Қуатқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі Республикалық орталығының директоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57208107912](#); [ORCID](#)
4. Вильмено Анне-Мари, антропология докторы, Лувен католик университетінің профессоры (Лувен, Бельгия); [Scopus Author ID: 36679419300](#); [ORCID](#)
5. Смағұлов Оразақ Смағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Астана, Қазақстан); [Scopus Author ID: 22979625700](#); [ORCID](#)
6. Крупа Татьяна Николаевна, В.Н. Карамзин атындағы Харьков ұлттық университетінің Слобод Украинаның археология және этнология музейінің реставрациялық шеберхананың меңгерушісі (Харьков, Украина);
7. Көмеков Болат Ешмұхамедұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57193858171](#); [ORCID](#)
8. Кушқумбаев Айболат Қайырсыямұлы, тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің аймақтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57202775542](#); [ORCID](#)
9. Мионг Сун-ок, антропология докторы, профессор (Сеул, Корея); [Scopus Author ID: 56720218700](#); [ORCID](#)
10. Моррисон Александр, PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Оксфорд, Ұлыбритания); [Scopus Author ID: 35794760200](#); [ORCID](#)
11. Муминов Әшірбек Құрбанұлы, тарих ғылымдарының докторы, арабист, профессор, ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Стамбул, Түркия); [Scopus Author ID: 56409722900](#); [ORCID](#)
12. Әлімбаев Нұрсан, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 55860087100](#); [ORCID](#)
13. Садвокасова Закиш Төлеханқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 56682843400](#); [ORCID](#)
14. Өмер Құл, әлеуметтік ғылымдар докторы, Стамбул университетінің профессоры (Стамбул, Түркия); [ORCID](#)
15. Оно Рюосуке, тарих ғылымдарының докторы, Васеда университетінің антропология (Токио, Жапония);
16. Төлеубаев Әбдеш Тәшкенұлы, тарих ғылымдарының докторы, этнограф, археолог; әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57189622830](#); [ORCID](#)
17. Уяма Томохико, PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Саппоро, Жапония); [Scopus Author ID: 56471951500](#); [ORCID](#)
18. Петер Финке, PhD, Макс Планк атындағы Институтының профессоры, Цюрих университеті (Цюрих, Швейцария); [Scopus Author ID: 55124700300](#)

### **Жауапты редактор**

Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы

### **Ғылыми редакторлар**

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

### **Техникалық хатшылар**

Зікірбаева В.С., Черепанов Т.К.

**Главный редактор**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия**

1. Абиль Еркин Аманжолович, доктор исторических наук, профессор, директор Института Истории государства РК (Республика Казахстан, Астана); [Scopus Author ID: 55801644900](#); [ORCID](#)
2. Ажигали Серик Ескендирович, доктор исторических наук, профессор, Главный научный сотрудник, почетный заведующий отделом этнологии и антропологии Института Истории и этнологии (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57478728700](#); [ORCID](#)
3. Абусеитова Меруерт Хуатовна, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент Национальной академии наук РК; директор Республиканского информационного центра по изучению исторических материалов (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57208107912](#); [ORCID](#)
4. Вильмено Анне-Мари, доктор антропологии, профессор Католического университета Лувен, (Бельгия, Лувен); [Scopus Author ID: 36679419300](#); [ORCID](#)
5. Исагулов Оразак Исагулович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана); [Scopus Author ID: 22979625700](#); [ORCID](#)
6. Крупа Татьяна Николаевна, заведующая реставрационной мастерской Музея археологии и этнографии Слободской Украины Харьковского национального университета имени В.Н. Карамзина (Украина, Харьков);
7. Кумек Болат Ешмухамбетович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК; директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57193858171](#); [ORCID](#)
8. Кушкумбаев Айболат Кайрслямович, доктор исторических наук, главный научный сотрудник, профессор кафедры регионоведения Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана); [Scopus Author ID: 57202775542](#); [ORCID](#)
9. Мионг Сун-ок, доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, Сеул); [Scopus Author ID: 56720218700](#); [ORCID](#)
10. Моррисон Александр, PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд); [Scopus Author ID: 35794760200](#); [ORCID](#)
11. Муминов Аширбек Курбанович, доктор исторических наук, арабист, профессор; Консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул); [Scopus Author ID: 56409722900](#); [ORCID](#)
12. Нурсан Алимбай, кандидат исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 55860087100](#); [ORCID](#)
13. Садвокасова Закиш Тулехановна, доктор исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 56682843400](#); [ORCID](#)
14. Омер Кул, доктор социальных наук, профессор Стамбульского университета; (Турция, Стамбул); [ORCID](#)
15. Оно Рюосуке, доктор исторических наук, антрополог Университет Васеда (Япония, Токио);
16. Толеубаев Абдеш Ташкенович, доктор исторических наук, этнограф, археолог; профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57189622830](#); [ORCID](#)
17. Уяма Томохико, PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония, Саппоро); [Scopus Author ID: 56471951500](#); [ORCID](#)
18. Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, Цюрих); [Scopus Author ID: 55124700300](#)

**Ответственный редактор**

Муканова Гюльнар Кайроллиновна

**Научные редакторы**

Касымова Дидаар Бейсенгалиевна

Мурзаходжаев Куаныш

**Ответственный секретарь**

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

**Технический секретарь**

Зикирбаева В.С., Черепанов Т.К.

### Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

### Editorial board

1. Abil Erkin Amanzholovich, doctor of historical sciences, professor, director of the of the Institute of history of state of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); [Scopus Author ID: 55801644900](#); [ORCID](#)
2. Azhigali Serik Yeskendirovich, doctor of historical sciences, professor, chief researcher, emeritus head of the department of ethnology and anthropology of the Institute of history and ethology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57478728700](#); [ORCID](#)
3. Abusseitova Meruert Khuatovna, doctor of historical sciences, professor, corresponding member of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Republican information center for studies of the historical materials (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57208107912](#); [ORCID](#)
4. Vuillemenot Anne-Marie, doctor of anthropology, professor of the Catholic university of Luven, (Belgium, Luven); [Scopus Author ID: 36679419300](#); [ORCID](#)
5. Ismagulov Orazak Ismagulovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, corresponding member of the Bologna Academy of sciences (Bologna, Italy), head of the physical anthropology laboratory of the National museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); [Scopus Author ID: 22979625700](#); [ORCID](#)
6. Krupa Tatiana Nikolaevna, head of the restoration workshop of the Museum of archeology and ethnography of Slobodskaya Ukraine of the V.N. Karamzin Kharkov national university (Ukraine, Kharkov);
7. Kumekov Bolat Eshmukhambetovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Internal institute of Kypshak studies of the al-Farabi Kazakh national university, professor of Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57193858171](#); [ORCID](#)
8. Kushkumbayev Aibolat Kairslyamovich, doctor of historical sciences, chief researcher of the regional studies department of the Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Astana); [Scopus Author ID: 57202775542](#); [ORCID](#)
9. Myong, Soon-ok, doctor of anthropology, associate professor (Republic of Korea, Seoul); [Scopus Author ID: 56720218700](#); [ORCID](#)
10. Morrison Alexander, PhD, professor New College, Oxford (Great Britain, Oxford); [Scopus Author ID: 35794760200](#); [ORCID](#)
11. Muminov Ashirbek Kurbanovich, doctor of historical sciences, arabist, professor; consultant of the General director on organizational affairs OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul); [Scopus Author ID: 56409722900](#); [ORCID](#)
12. Alimbay Nursan, candidate of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty). [Scopus Author ID: 55860087100](#); [ORCID](#)
13. Sadvokassova Zakish Tleukhanovna, doctor of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 56682843400](#); [ORCID](#)
14. Omer Cul, doctor of social sciences, professor of Istanbul university (Turkey, Istanbul); [ORCID](#)
15. Ono Ryosuke, PhD, anthropologist Waseda University (Japan, Tokyo);
16. Toleubayev Abdesh Tashkenovich, doctor of historical sciences, ethnographer, archeologist; professor of al-Farabi Kazakh National university (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57189622830](#); [ORCID](#)
17. Uyama Tomohiko, PhD, professor of the Slavic-Eurasian researches Center of Hokkaido University (Japan, Sapporo); [Scopus Author ID: 56471951500](#); [ORCID](#)
18. Dr. Peter Finke, PhD, professor of the Max Planck institute, Zurich university (Switzerland, Zurich); [Scopus Author ID: 55124700300](#)

### Executive Editor

Mukanova Gyulnar

### Scientific Editors

Kasymova Didar

Murzakhodzhayev Kuanysh

### Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh

### Technical secretary

Zikirbayeva V.S., Cherepanov T.K.



Published in the Kazakhstan  
Otan tarihy  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 1814-6961 (Print)  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
Vol. 26. Is. 1, pp. 30-42, 2023  
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

## REFUGEE PROBLEMS IN THE TERRITORY OF EAST KAZAKHSTAN IN THE 1930s.

*Raushan K. Aydarbayeva*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>D. Serikbayev East Kazakhstan technical university (68, Protazanov Str., Ust-Kamenogorsk, 070004, Republic of Kazakhstan)

Ph. D., associate professor

<https://orcid.org/0000-0002-4731-5363> E-mail: [raushan\\_aid@mail.ru](mailto:raushan_aid@mail.ru)

© IHE after Ch.Ch. Valichanov, 2023

© Айдарбаева Р. Қ., 2023

**Annotation.** *Introduction.* The article elucidates the issues of refugee status on the territory of Kazakhstan in the 1930s, which also covered the eastern region of the country. *Objective.* The main objective of the study is to describe the scale, directions and consequences of the forced resettlement of Kazakhs in the near and far abroad. Based on the studied archival documents, it is proved that the refugees issues in Kazakhstan in 1928-1934 were caused by "socialist transformations" of the Soviet government in the region. *Results* Part of the population that suffered from the political repressions of the Soviets, the tax burden and the administrative terror of the organizers of various economic campaigns (harvesting of bread, wool, cotton, meat, confiscation of livestock, forced settlement of nomads, collectivization, etc.) contributed the growth of refugees. Residents of nomadic and semi-nomadic districts of the East Kazakhstan region, located in the border zone, were forced to move abroad. Most of them migrated to the territory of the neighboring Altai and Xinjiang provinces of China. *Conclusion.* The negative situation, taking into account the population at that time, creates great difficulties in determining the exact number of refugees. Summarizing and comparing various data, the author made an attempt to determine the number of persons who were subjected to escape from the territory of the East Kazakhstan region. However, we must admit that the issue of migration costs in the 20-30s is still open.

**Keywords:** refugee, refugee status, nomadism, Altai, China.

For citation: *Aydarbayeva R.K.* Refugee problems in the territory of East Kazakhstan in the 1930s // *Otan Tarihy.* 2023. Vol.26. No1. Pp. 30-42. (Kaz.) DOI: 10.51943/2710-3994\_2023\_26\_1\_30-42

**Acknowledgements.** The article was prepared within the framework of the project of program-targeted financing of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan "Mass repressions in Kazakhstan in the 20-50s of the twentieth century and rehabilitation processes: creation of a unified database" (registration number: OR 11465470).

## 1930 ЖЖ. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ БОСҚЫНШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Раушан Қайсақызы Айдарбаева*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті (69-үй, Протазанов көш., 070004, Өскемен, Қазақстан)

тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,

<https://orcid.org/0000-0002-4731-5363> E-mail: [raushan\\_aid@mail.ru](mailto:raushan_aid@mail.ru)



**Андатпа.** *Kіріспе.* Мақалада ХХ ғасырдың 30-жж. Қазақстан аумағында орын алған босқыншылық, соның ішінде еліміздің шығыс өңірін қамтыған босқыншылық мәселелері көтерілген. Зерттеудің басты нысаны қазақтардың таяу және алыс шетелге мәжбүрлі қоныс аударуының ауқымы, бағыттары, салдары болып табылады. Зерттелген мұрағаттық құжаттар негізінде Қазақстандағы 1928-1934 жылдардағы босқыншылық кеңес билігінің өлкеде жүргізілген «социалистік қайта құруларының» салдары болғаны дәлелденіп отыр. Кеңестердің саяси қуғын-сүргіндерінен, салық ауыртпашылығынан және түрлі шаруашылық науқандарын (нан, жүн, мақта, ет дайындау, малды тәркілеу, көшпенділерді күшпен отырықшыландыру, ұжымдастыру және т.б.) күштеп өткізуді ұйымдастырушылардың әкімшілік террорынан зардап шеккен халықтың бір бөлігі босқындар қатарын толықтырды. Шекаралас аймақта орналасқан Шығыс Қазақстан облысының көшпелі және жартылай көшпелі аудандарының халқы жан сауғалап шетел асуға мәжбүр болды. Олардың негізгі бөлігі көршілес Алтай губерниясы аумағы мен Қытайдың Шыңжаң провинциясының жеріне өтіп кетті. Сол кезеңде халық есебін жүргізуде орын алған келеңсіз жағдайлар босқындардың нақты санын анықтауда үлкен қиындықтар туғызуда. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* – әртүрлі деректерді жинақтап, салыстыра отырып Шығыс Қазақстан облысы аумағынан босқыншылыққа ұшыраған адамдар саны анықтауға талпыныс жасалған. *Қорытынды.* Дегенмен, 20-30 жылдардағы көші-қон шығындары туралы мәселе әлі де болса ашық күйінде қалып отырғанын мойындауымыз қажет. **Түйін сөздер:** босқын, босқыншылық, көшпелі, Алтай, Қытай.

**Дәйексөз үшін:** Айдарбаева Р.К. 1930 жж. Шығыс Қазақстан аумағындағы босқыншылық мәселелері // Отан тарихы. 2023. Т.26. №1. С. 30-42. (Қаз.) DOI: 10.51943/2710-3994\_2023\_26\_1\_30-42

**Алғыс айту.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «ХХ ғ. 20-30 жж. Қазақстандағы жаппай саяси қуғын-сүргін және оналту процестері: бірыңғай деректер базасын құру» тақырыбындағы бағдарламалық-нысаналық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (тіркеу номері: OR 11465470).

## ПРОБЛЕМЫ БЕЖЕНСТВА НА ТЕРРИТОРИИ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В 1930 ГОДЫ

*Айдарбаева Раушан Кайсановна<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Восточно-Казахстанский технический университет им. Д. Серікбаева (д. 69, ул. Протазанова, 070004, Усть-Каменогорск, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор

<https://orcid.org/0000-0002-4731-5363> E-mail: raushan\_aid@mail.ru

**Аннотация.** *Введение.* В статье подняты вопросы беженства на территории Казахстана в 30-е годы ХХ века, охватившего также восточный регион страны. *Цели и задачи.* Основным объектом исследования являются масштабы, направления, последствия вынужденного переселения казахов в ближнее и дальнее зарубежье. *Материалы.* На основании изученных архивных документов доказано, что беженство в Казахстане 1928-1934 гг. было следствием «социалистических преобразований» советской власти в крае. *Результаты.* Часть населения, пострадавшая от политических репрессий советов, налогового бремени и административного террора организаторов проведения различных хозяйственных кампаний (заготовка хлеба, шерсти, хлопка, мяса, конфискация скота, насильственное оседание кочевников, коллективизация и др.), пополнила ряды беженцев. Жители кочевых и полукочевых районов Восточно-Казахстанской области, расположенных в приграничной зоне, были вынуждены переехать за границу. Основная их часть перешла на территорию соседней Алтайской губернии и Синьцзянскую провинцию Китая. Негативная ситуация, сложившаяся с учетом населения в тот период, создает большие трудности при определении точного числа беженцев. *Выводы.* Обобщая и сравнивая различные данные, была предпринята попытка определить численность лиц, подвергшихся беженству с территории Восточно-Казахстанской области. *Заключение.* Однако надо признать, что вопрос о миграционных расходах в 20-30-е годы все еще остается открытым.

**Ключевые слова:** беженец, беженство, кочевничество, Алтай, Китай.



Для цитирования: Айдарбаева Р.К. Проблемы беженства на территории Восточного Казахстана в 1930 годы // Отан тарихы. 2023. Т.26. №1. С. 30-42. (Каз.) DOI: 10.51943/2710-3994\_2023\_26\_1\_30-42

**Благодарность.** Статья подготовлена в рамках реализации проекта программно-целевого финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Массовые репрессии в Казахстане в 20-50-х гг. XX в. и процессы реабилитации: создание единой базы данных» (регистрационный номер: OR 11465470).

**1. Кіріспе.** Біздің зерттеуіміздің нысаны 1928-1934 жылдардағы еліміздің шығыс өңірі қазақтарының таяу және алыс шетелге мәжбүрлі қоныс аударуының ауқымы, бағыттары, салдары болып табылады. Талқыланған мәселелердің ішінде ең күрделілерінің бірі – босқындар санын анықтау. XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ халқының басым бөлігінің ауылдық жерде мекен еткенін, ал ол ауылдарда халық есебінің болмауы бұл мәселені зерттеуді едәуір қиындатады. Сонымен қатар, әр түрлі мұрағаттар қорларындағы төте жазумен жазылған және қазақ халқына қатысы бар көптеген істердің жойылғанын, ал сақталып қалған аз ғана бөлігі араб графикасын білмегендіктен зерттеушілер үшін қол жетімді емес екендігін атап өткен жөн.

**2. Материалдар мен әдістер.** Мақаланың деректік базасын Қазақстан Республикасы Президентінің архиві және Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы архивтердің құжаттары мен материалдары құрайды. Сонымен қатар, Қазақстанмен шекаралас орналасқан Ресейдің Алтай өлкесінің мемлекеттік архивінде сақталған қазақ босқындарына қатысты маңызды құжаттар пайдаланылды. Негізінен, бұл құжаттар аталған мұрағаттардың партия және кеңес органдарының қорларында сақталған.

Пайдаланылған құжаттардың мазмұны әр алуан. Босқыншылықтың тамырын сол кездегі кеңес өкіметінің жүргізіп отырған саясатын сипаттайтын ресми құжаттардан табамыз. Сол арқылы қазақ жерінде 1928-1934 жылдары бай шаруашылықтарды тәркілеу, көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын күштеп отырықшыландыру және ұжымдастыру барысында орын алған босқыншылықтың себеп-салдарлық байланысын анықтаймыз.

Босқындардың санын анықтауда ең үлкен нәтиже салыстырмалы-статистикалық талдау әдісін қолдану арқылы алынады. Бұл тарихшылар мен демографтардың күш-жігерін біріктіруді талап ететін ауыр жұмыс. Тек әртүрлі дереккөздердің (ресми және бейресми) деректерін салыстыра отырып, қазақстандық босқындардың неғұрлым нақты санын анықтау мүмкіндігі бар.

**3. Талдау.** Осы уақытқа дейін босқыншылық мәселелері бойынша біршама тарихи және публицистикалық әдебиет қалыптасты. Дегенмен, қазіргі заманғы отандық тарихнамада аталған тақырып бойынша іргелі, кешенді зерттеулердің жоқ екендігін, зерттеу әдістемесі мен әдістері толық анықталмағанын мойындауымыз қажет. Қазақстандық босқындардың мәселесі белгілі бір дәрежеде аталған тақырыптың түрлі аспектілерін зерттеумен айналысқан ғалымдардың іргелі зерттеулерінде қарастырылды. XX ғасырдың 30-жылдары аштықтан қашқан қазақтардың қайғылы тарихымен тікелей байланысты алғашқы ғылыми жұмыстардың бірі М. Малышева мен В. Познанскийдің «Казахи – беженцы от голода в Западной Сибири. 1931 - 1934 год» атты жинағы (Малышева, Познанский, 1999: 536). Олар 1921-1922 жж. аштық пен 1930-1934 жж. аштықтың демографиялық дағдарысқа қалай әкелгенін көрсетті.

Ғылыми зерттеудің жаңа кезеңі 2000 жылдары басталды. Бұл ресми саясатпен және жаңа мұрағат материалдарына қол жетімділіктің ашылуымен байланысты болды. Белгілі ғалым Т. Омарбеков (Омарбеков, 2003: 552) НКВД/ОГПУ/КГБ құпия мұрағаттарын пайдалана отырып, XX ғ. 30-шы жж. басында Қазақстанның адам құрбандарына баға берді, алғаш рет босқындар санын – миллионға жуық адамды анықтады. Зерттеуші Р.К. Айдарбаева өз еңбегінде (Айдарбаева, 2009: 172) XX ғ. 20-30 жж. Шығыс Қазақстан облысы мен Алтай өлкесіндегі қазақ халқына демографиялық сипаттама берді, мұрағат материалдары негізінде көші-қон бағыттары мен қоныстану ареалдарын анықтады. Статистикалық-салыстырмалы әдістер негізінде босқындардың шамамен санын анықтады. Автор босқыншылықтың негізгі себебі Сталиндік режимнің әлеуметтік-экономикалық саясаттағы асыра сілтеуге, кулактарды жоюға, қуғын-сүргінге бағытталған жазалау саясаты деп санайды.



Америкалық зерттеуші Сара Камеронның жақында жарық көрген «Аштық жайлаған дала. Ашаршылық, озбырлық және кеңестік Қазақстанды орнату» еңбегін ерекше атап өткен жөн (Камерон, 2020: 304). Бұл көпжылдық ғылыми жұмыстың нәтижесі болып табылады. Автор қазақстандық және ресейлік мұрағаттарда жинақталған деректерді пайдалана отырып, олардың кейбір материалдарын алғаш рет ғылыми айналымға енгізген. Автордың пікірінше, ұжымдастырудың нашар ұйымдастырылуы мен дайындығы, жергілікті кадрлардың жетіспеушілігі, байырғы халықтың өмірі мен мүдделерін ескермеу, жергілікті белсенділердің озбырлығы, тонаушылығы нәтижесінде жаппай босқыншылық пайда болған. Камерон ауызша тарих материалдарын да өте ұтымды қолдана білген.

Ірі қазақстандық демограф А.Н. Алексеенко өзінің «Сельское население Казахстана. 1920–1990 гг.» атты еңбегінде (Алексеенко, 1994: 59) XX ғ. 20-30 жж. ауыл халқының көші-қон қозғалысы, халық санының динамикасын басқа зерттеуші М. Тәтімөвтің деректері негізінде тұжырымдаған. Автордың пікірінше үнемі қозғалыста болған босқындар санын нақты анықтау мүмкін емес.

Қысқаша тарихнамалық шолу көрсеткендей, зерттелетін тақырып, негізінен, XX ғ. 30 жж. ашаршылықтың қайғылы тарихына арналған ғылыми еңбектерде қозғалған. Алайда "ауа көшушілер" деп аталатын қазақ босқындарының қасіретті тағдыры туралы әлі де болса нақты, тұтас, жүйелі талдау жоқ екендігін мойындауымыз қажет.

Соңғы уақытта отандық тарихнамада осы тақырыпты зерттеу ізденісінің өсуі байқалады. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық оңалтуға, бұрын жабық мұрағат қорларын құпиясыздандыруға бағытталған жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясат оны зерделеу бағыттарының кеңеюіне ықпал етеді.

**4. Нәтижелер.** XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ халқы аса ірі босқыншылыққа ұшырады. Бұл кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі орын алған қасіретті қанды оқиғалардың жалғасы еді. Солардың алғашқыларының бірі ретінде қазақ даласына қанды қырғын әкелген 1918-1920 жылдардағы Азамат соғысын да атауға болады. Қазақ өлкесін тұтастай шарпыған бұл соғыс халқымыз басына үлкен қасірет әкелді. Ақтар мен қызылдардың екіжақты қыспағында қалып, қырғынға ұшырай бастаған қазақ жан сауғалап шекара асып кетуге мәжбүр болды. Шекаралас аймақтардан Қытай, Монғолия жерлерімен солтүстікке қарай көршілес Ойратия жеріне де жаппай қоныс аудару бастады. Босқыншылыққа ұшыраған халықтың жағдайының аса ауыр болғандығын сол кездегі Зайсан болыстық атқару комитетінің Семей губерниясының басшылығына жіберілген мәлімдемесінен білуге болады. Қазақтардың басым көпшілігінің киерге киімі, ішерге асы болмады. Олардың арасында небір жұқпалы аурулар тарап, халық қынадай қырылып жатқанына қарамастан, оларға ешқандай дәрігерлік көмек көрсетілмеді.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін 1921-1922 жылдарда орын алған аштық қазақтарды демографиялық апатқа алып келді. Осыған байласында қазақ даласында босқыншылықтың жаңа толқыны орын алды. Аштыққа ұшыраған аудандардан халық жан сақтау амалымен тағы да көршілес аймақтарға жөңкіле көшті. Сол кездегі Семей губерниясының Бұқтырма уезі аумағынан қазақтардың бір бөлігі көршілес Ойратия жерін паналады. Солардың қатарында еліміздің ең шығысында орналасқан Шыңғыстай болысының 1-ауылының жұрты да болды (ШҚО ҚЗТҚО. Р-73-қ. 1-т. 323-іс. 6-п.).

XX ғасырдың 20 жылдарының ортасына қарай елдегі жағдай біраз тұрақтала бастады. Оған сол кезде жүзеге асырыла бастаған жаңа экономикалық саясаттың да септігі тиген еді. Осыған байланысты босқындардың бір бөлігі Отанына қайтып оралуға мүмкіндік алды. 1924 жылдың 25 ақпанында Бүкілодақтың Орталық Атқару Комитеті арнайы қаулы қабылдап, соған сәйкес Жер Кодексіне өзгертулер енгізілді. Осы заңнаманың негізінде босқындардың қайта оралуына ресми рұқсат беріледі. Ойратияның Қосағаш ауданынан 400-ге жуық адамнан тұратын 91 отбасы Шыңғыстай болысының аумағына қайтып оралады (ШҚО ҚЗТҚО. Р-73-қ. 1-т. 323-іс. 32-п.). Сонымен қатар Қытайға қоныс аударған 2 415 қазақ шаруашылығы Зайсан уезінің аумағындағы Сталин, Нор-Зайсан, Тарбағатай, Құлжан, Комаров және Дос болыстарындағы өз ата қоныстарына қайтып оралды.

20-жылдарының соңына қарай Кеңес үкіметі ауыл шаруашылығында өзінің жаңа науқанын бастады. Шабындық және жайылымдық жерлерді қайта бөлу саясаты өз нәтижесін бермеді. Оны жүзеге асыру үшін бел шеше кіріскен белсенділер қазақ ауылының қауымдық құрылымын





ескермеген еді. Рулық-феодалдық қатынастар біраз әлсірегеніне қарамастан қазақ ауылдарында туыстық қарым-қатынастар әлі де болса берік болатын. 1928 жылғы 27 тамызында басталған бай шаруашылықтарды тәркілеу және «кулактарды» тап ретінде жоюға бағытталған науқан да аса ауыр зардаптарға алып келді. Байлардың шаруашылықтарын тәркілеу деген сылтаумен олардың мал-мүлкі талан-таражға түсті. Қазақ шаруаларының жағдайына бұл жүргізілген шаралардың әсері шамалы болды.

Байлардың шаруашылығын тәркілеу кезінде орын алған асыра сілтеушіліктер қазақтың дәстүрлі шаруашылығының негізін құраған қазақ шаруаларының ең еңбекқор тобы – орташа шаруалар да қудалауға ұшырады. Катонқарағай ауданының Ақжар атты ауылын мекен еткен шаруаға мықты, қолөнер және ісмерлігімен бүкіл аймаққа аты белгілі болған Көкен ата мен оның балаларының тағдыры туралы Гүлжихан Көкенованың естеліктері осыған айғақ бола алады. Ұйымшыл, іскер отбасының тірлігін кеңес үкіметі ойрандап, шаңырағын ортасына түсіреді. Олар да тәркілеуге ұшырап, дүние-мүліктен айрылып, үлкендері айдауға ұшыраса, балалары жетімдіктің дәмін татып, қудалауға ұшырайды. Жаңа үкіметтің қаһарынан қорыққан туған-туыс теріс айналып кетеді. ержетіп қалған балалардың үлкені Мұқамеджан бауырларының өмірін сақтап қалу үшін Қытай жеріне кетуге бел байлаған кезде, ОГПУ қызметкерлері тарапынан қудалауға ұшырап, оққа ұшады. Бір ғана осы өз күнін өзі көрген еңбекқор қазақ шаруашылығының тағдыры арқылы сол кезде қазақ даласында орын алған жағдайды танып-білуге болады.

Бұрын-соңды болмаған алапат Босқыншылыққа алып келген демографиялық апат 1928-1934 жылдары орын алды. Жаппай күштеп ұжымдастыру және көшпелі қазақтарды отырықшылыққа өткізу деп аталатын саясаттың зардабы аса ауыр болды. Еш дайындық жүргізілген бұл саясаттың нәтижесінде ауыл шаруашылық өндірісі күрт құлдырады. Көшпелі қазақтың басты тіршілік көзі болып саналатын мал шаруашылығының зор шығынға ұшырауы қазақ даласында бұрын-соңды болмаған жаппай ашаршылыққа алып келді. Биілік тарапынан көрсетілген көмек мардымсыз еді, соның салдарынан халық аштықтан жаппай қырыла бастады. Жан сауғалап, үдере көшкен босқын халық шекара асып, көршілес аумақтарға кете бастады. 1930 жылдың басынан 1931 жылдың ортасына дейінгі кезеңде ғана Қазақстан жерінен 281 320 шаруа қожалығы, немесе 1 130 мың көшкені анықталған болатын (Қозыбаев, 1998: 231-248).

Қазақ босқындарының бір бөлігі солтүстікке қарай ауып, көрші Сібір өлкесіне қарай қоныс аударды. Бұл босқындарға кеңестік тарихнамада оларды «откочевники» - «ауа көшушілер», «қоныс аударушылар» деп жалған атау берілуі тегін емес еді. Осы арқылы қазақ халқының басындағы осы қайғы-қасіретті бүркемелеп қалуды мақсат етті. Аталған босқыншылықты Голощекин «көшіп үйренген қазақтардың дәстүрлі көшуі» деп түсіндіріп, жауапкершіліктен өзін қорғап қалуға тырысты. Мал-жанынан айрылған, жеңіл жұпыны киінген қазақтардың қыстың көзі қырауда солтүстікке қарай босудың өзі мұқтаждықтан болғандығының дәлелдейді.

Сібір өлкесінің аумағына боса көшкен қазақтардың шығу аумағы Семей округі (1932 ж. бастап Шығыс Қазақстан облысы) болды, ол сол кезде қазіргі Абай және Павлодар облыстарының да бір бөлігін қамтыған болатын.

Қазақ даласын қамтыған аштықтың және соның салдары ретінде орын алған босқыншылықтың басты себебі мал басының апатты түрде азаюы екендігін жоғарыда айтып өттік. 1930 жылдың басында Қазақ өлкелік комитетінің бюросында өлкедегі мал шаруашылығының жағдайы және дереу жүзеге асырылуы тиіс қажетті іс-шаралар туралы О. Исаев басшылық еткен комиссияның баяндамасы тыңдалды. Аталған мәселе бойынша арнайы қарар қабылданып, онда Қазақстанда 1929-1930 жылдарға мал басы 30-35 пайызға қысқарғандығы мойындалды (Айдарбаева, 2009: 124).

Күштеп ұжымдастырудан, әсіресе, көшпелі аудандардың тұрғындары аса үлкен жоқшылыққа ұшырады. Өлкелік партия комитетінің көшпелі аудандарды зерттеу тобының мәліметіне сәйкес 1930-1933 жылдары Қарқаралы, Қу, Баянауыл және Абралы аудандарында халық саны 85 пайызға, ал мал басы 98 пайызға қысқарған (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 6403-іс. 209-п.). аталған мәліметтерге сәйкес, Шығыс Қазақстан облысының төрт көшпелі ауданы бойынша 1933 жылға қарай бұрынғы халықтың 15,3 пайызы ғана қалған. Алтай губерниясына шекаралас орналасқан Ертіс ауданында 1931 жылдың 1 шілдесінен 1935 жылдың 1 шілдесіне дейін қазақ шаруашылықтарының саны 82,5 пайызға қысқарған (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5058-іс. 1-п.).



1-кесте.1931-1935 жж. Шығыс Қазақстан облысы шаруашылықтары  
мен ауыл халқының динамикасы

[Table 1. 1931-1935 Dynamics of farms and rural population  
of the East Kazakhstan region]

мерзімі	ұжымшар мүшелері		жеке шаруашылықтар		қорытынды			
	шар-қ саны	халық саны	шар-қ. саны	халық саны	шар-қ саны	1931 жылға %	халық саны	1931 жылға %
1931	15 044	697 073	77 975	341 803	228 119	100	1 038 876	100
1932	119 435	533 749	42 577	181 104	162 012	71,02	714 853	68,8
1933	115 521	497 931	38 507	153 155	154 028	67,05	651 085	62,67
1934	95 334	381 494	27 107	108 903	122 441	53,67	490 397	47,2
1935	97 729	383 310	23 326	95 005	121 055	53,06	478 315	46,04

Келтірілген кесте статистика органдарының Шығыс Қазақстан облысының мал шаруашылығы және халқының саны туралы 1934 жылы жасалған кестесі негізінде берілген. Кесте 1931 жылдан бастап облыс аумағында жүргізілген бірыңғай есепке алу науқандарының тікелей нәтижелері негізінде жасалған. Атап айтқанда, 1931 жылғы мәліметтер салықтық есепке алу материалдары бойынша, ал 1932 жылғы мәліметтер сол жылдың 1 ақпанында жүргізілген Бүкілодақтық жаппай мал санағының деректер бойынша әзірленді. 1933 жылы бойынша да малды есепке алу материалы пайдаланылды. 1934 жыл бойынша мәліметтер Қазақ Өлкелік комитетінің 1933 жылдың 13 қаңтарында және Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің 1933 жылдың 17 желтоқсанында қабылданған шешімдеріне сәйкес жүргізілген малдарды жаппай есепке алу деректері бойынша келтірілген (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 7433-іс. 23-п.).

Кесте мәліметтері бойынша Шығыс Қазақстан облысының шаруашылықтарының саны 1931-1935 жылдары 47 пайызға, ал ауыл халқының саны 54 пайызға азайған.

Ал ең көп босқыншылыққа ұшыраған көшпелі және жартылай көшпелі қазақ аудандарында одан да қайғылы жағдай қалыптасқан еді. Мысалы, Абыралы ауданында 1934 жылы 1931 жылмен салыстырғанда халықтың тек 11,1 пайызы қалған. Баянауыл ауданында халық саны осы жылдары бұл көрсеткіш 17,2 пайызды, Қарқаралы ауданында 15,9 пайыз, Қу ауданында 13,2 пайызды құрады. Жалпы алғанда, Шығыс Қазақстан облысының 8 көшпелі және жартылай көшпелі аудандары бойынша халық саны төрт жыл ішінде 90,5 пайызға қысқарған. Осы мерзім ішінде шаруашылықтар саны 70,5 пайызға қысқарды.

Қазақ даласында еш дайындықсыз жүргізілген большевиктік қайта құрулардың нақты бағасы осындай болды. Өлке басшыларының «ауылды социалистік қайта құруды» жүзеге асырудағы алғашқы әрекеттері үлкен апатқа айналды. Қазақтардың бір бөлігі ашаршылықтан қырғынға ұшыраса, тағы бір бөлігі өздерін және өз мүлкінің қалдықтарын құтқара отырып, тұрғылықты жерлерін тастап, жан-жаққа боса бастады.

Босқыншылықтың ауқымы туралы мәліметті Қаржы Халық Комиссариатының 1931 жылғы 9 тамыздағы мәліметінен де алуға болады. Мәліметке 1930 жылғы есептен кейін Қазақстаннан тыс жерлерге қоныс аударған шаруашылықтар туралы тек 27 ауданға қатысты деректер енгізілген. Олардың айтуынша, Қазақстаннан тыс жерлерге 35 597 шаруашылық кетіп, өзімен бірге 893 074 мал басын әкеткен. Сондай-ақ, ОГПУ-дың Қазақ КСР бойынша мәліметінде хабарланғандай, бұрынғы Семей округінің 11 ауданынан 1930 ж. күзінде КСРО-ның әртүрлі аймақтарына 1 308 шаруашылық қоныс аударған еді (ҚР ПА. 141-қ. 4851-іс. 9-п.). Әрине, олардың басым бөлігі іргелес орналасқан Сібір өлкесінің Алтай губерниясының аумағына бет алғаны белгілі.

Келесі 1932 жылы босқыншылық одан әрі күшейе түсті. 1932 жылғы 1 сәуірдегі Қазақстан бойынша ұжымдастырудың жай-күйі туралы ақпараттық жиынтықта 1931 жылғы 1 желтоқсаннан бастап 1932 жылғы 20 наурызға дейінгі аралықта Қазақстан аумағынан көшіп кеткен шаруашылықтар туралы мәліметтер келтірілген. Соған сәйкес осы аралықта барлығы



203 693 шаруашылық көшіп кеткені туралы айтылған. Осы кезеңде Шығыс Қазақстан облысындағы шаруашылықтар санының қысқарғаны байқалады (215 667-ден 177 355 шаруашылыққа дейін). Ал Павлодар ауданында бұл көрсеткіш әлдеқайда төмен болды, яғни 12 676 шаруашылықтың 4 314-і немесе 34 пайызы ғана қалды. Тек Шығыс Қазақстан облысы аумағынан 1931 жылдың қыркүйегінен 1932 жылдың наурызына дейін жарты жыл ішінде 40 мыңнан астам шаруашылықтың шекара асып кеткенін байқауға болады.

1931 жылдың күзінде басталған босқыншылық 1932 жылдың қысында шарықтау шегіне жетті. Егер бастапқы кезеңде бұл қоныс аудару Қазақ өлкесімен шекаралас жатқан аудандарды ғана қамтыған болса, уақыт өте келе босқындардың елеулі бөлігі Сібір өлкесінің ішкі аймақтарына, соның ішінде Новосибирге қарай ілгері жылжыды. Алтай губерниясы басшылығының мәліметіне сай босқындардың басым бөлігі Славгород, Бай, Ребрихин, Алей аудандарында орналасқан еді. Олардың жалпы саны шамамен 17 000 жуық болды. Сондай-ақ, босқындардың елеулі ағымы губернияның басқа елді мекендерінде де байқалды, атап айтқанда, Ойратия, Би, Барнаулда, Шипунов ауданында, Рубцов округінің аумағында (ҚР ПА. 141-к. 5192-іс. 42-п.).

Бұл кезде Алтай губерниясы аумағында біршама қазақ ауылдары болған еді. Босқын қазақтар ең алдымен осы ауылдардағы туыс-туғандарын паналап барғаны белгілі. Соның нәтижесінде аз уақыт ішінде сол ауылдардағы қазақ халқының саны аз ғана уақыт аралығында екі есе өсті. Дегенмен, босқындардың басым көпшілігі қалалардың шетіндегі қараусыз қалған бос үйлер мен пәтерлерді иелене бастайды. Босқындардың бәріне бірдей баспана жетіспей олардың бір бөлігі далада қалды. Қақаған суықта аязда үсіп өлген қазақтардың мәйіттері көктем шыға көптеп табылып жатқандығы туралы мәліметтер архив деректерінде жиі кездеседі. Қыстан аман шыққан босқындардың да жағдайы да аса мүшкіл болды. Олардың басым көпшілігі жұмыссыз, күнкөріссіз қалды. Соның салдарынан босқындар арасында аштан өлген адамдардың саны артты. Мысалы, Сібір прокурорының хабарламасында Славгород станциясында вокзалда қайтыс болған қазақтың мәйіті үш тәулік бойы жатып қалғандығы және оған ешкім назар аудармағаны туралы айтылған (ҚР ПА. 141-к. 1-т. 5192-іс. 64-п.).

Ашаршылықпен қатар босқындар арасында әр түрлі жұқпалы індеттер тез тарап жығылға жұдырық болып, өлім-жітім көбейді. Әсіресе, ата-ананың қамқорынсыз қалған қазақтың жетім балаларының саны күрт артты. Қалыптасқан қиын жағдайға қарамастан Сібір өлкесінің басшылығы қазақ жетімдерін қамқорлыққа алып, өлкеде жаңадан балалар үйлерін ашқанын атап өткен жөн (АӨ МА. 141-к. 1-т. 7-іс. 231-232-пп.).

Ашаршылық, әрине, қазақтарды барлық қол жетімді құралдармен азық іздеуге мәжбүр етті. Қазақ босқындары орналасқан аудандарда мал ұрлау әрекеттері жиілеп кетті. Ұрылар анықталып, қолға түскен күннің өзінде де аштықтан титықтап, әлсіреген адамдарға қарсы қандай да болмасын бір жазалау шараларын қолдану қиын еді. Көптеген аудандарда өлексенің етін жеу фактілері тіркелді.

30-жылдардың басында елде қалыптасқан ауыр жағдай Сібір өлкесін де айналып өтпеген еді. Бұл аймақта да азық-түлік тапшылығы орын алғаны белгілі. Ал аса көп мөлшерде қазақ босқындарының келуі жергілікті жерлерде жағдайды одан әрі ушықтырды. Өз кезегінде бұл жағдай орыс халқының ұлттық шовинизмінің жандануына алып келгенін мойындау қажет. Өлкенің көптеген аудандарында босқын қазақтарды ашықтан-ашық қорлау, ұрып-соғу, өлтіру оқиғалары орын ала бастады. Мысалы, Алей, Бай аудандарында орын алған осындай оқиғалар нәтижесінде қазақтар негізсіз соққыға жығылып, соның нәтижесінде олардың бірі қаза тауып, екіншісі ауыр соққы алады. Жергілікті құқық қорғау органдарында қазақтардың үйіне баса-көктеп кіріп, әр түрлі жалған жаламен тінту жүргізу, зорлық-зомбылық көрсету фактілері көптеген тіркелген (ҚР ПА. 141-к. 1-т. 6545-іс. 21-п.).

Қазақ босқындарына қарсы әрекеттер барлық аудандарда кең таралды. Ребрихин ауданында жергілікті орыстар қазақтардың күн батқаннан кейін көшеге шығуына тыйым салу туралы талап қойып, тіпті олардың барлығын ауданнан шығарып жіберуді талап етті (АӨ МА. II-16-к. 1-т. 271-іс. 3-4-п.). Ел арасында қазақтар туралы небір жалған қауесеттердің таралуы жағдайды одан әрі қиындатты. Осыған тосқауыл қою үшін Барнаул уезінің прокуроры арнайы мәлімдеме жасап, бұл қауесеттердің жалған екендігін және қазақтар тарапынан ауыр қылмыс жасау фактілерінің болмағаны туралы жұртшылықты хабардар етуге мәжбүр болды (ҚР ПА. 141-к. 1-т. 6545-іс. 67-п.).



Өлкелік билік босқындардың жағдайын жеңілдету үшін шұғыл шаралар қабылдап, оларды жұмысқа орналастыру мәселесін шешу қажеттігін түсінді. Батыс Сібір прокурорының Қазақ республикасының прокурорына жіберген баяндама жазбасында осы уақытқа дейін бірде-бір өлкелік ұйым қазақ босқындарына медициналық көмек көрсету, қазақ балаларын арнайы балалар мекемелерімен қамту, қазақтарға азық-түлікпен көмектесу мәселелерін өз дейгейінде қарастырып отырмағандығы мойындалды. Жұмыс күшінің жетіспеушілігіне қарамастан осы кезде қазақтарды жұмыстан шығару фактілері жиілеп кеткен еді (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5192-іс. 68-п.). Мысалы, «Совстройпути» мекемесіне қарасты кірпіш зауытынан негізсіз жұмыстан шығарылған 84 қазақ жұмысшысының 14-інің аштан өлуіне байланысты кінәлі басшылар жауапқа тартылған болатын (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 6403-іс. 138-п.).

1932 жылғы наурызда Қазақ билік органдары босқындардың санын анықтау және оларды Қазақстанға қайтару жөніндегі іс-шараларды қолға ала бастады. Осы мақсатпен өз өкілдерін Алтай губерниясының шекаралас аудандарына жіберу туралы шешім қабылдады. Славгород және Ключи аудандарына Белағаш өкілі Тілеуғабылов жіберілді. Ключи ауданында, жергілікті билік өкілдерінің мәліметіне сәйкес 5000 жуық қазақ босқыны орналасқан еді. Алей және Шипунов аудандарына өкіл ретінде Юсупов аттанды (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5192-іс. 44-п.).

Біраз уақыттан кейін Батыс Сібірдің 33 ауданы аумағындағы қазақ босқындары туралы алғашқы мәліметтер белгілі болды, олардың саны, шамамен, 37457 адам деп белгіленді. Дегенмен, бұл дерек қазақ босқындарының санын нақты көрсетпейтінін және тым төмендетілген мәлімет екендігін мойындауымыз қажет. Өйткені, үнемі қозғалыста болған қазақ босқындарының дәл санын анықтау мүмкін емес екендігін жергілікті билік органдары да мойындаған болатын.

Босқындарды ұйымдасқан түрде Қазақстанға қайтаруға бағытталған үгіт-насихат жұмыстары барлық жерде бірдей табысты болды деп айта алмаймыз. Мысалы, Қазақстаннан уәкілдер келгенін естіген босқындардың бір бөлігі Барнауылды тастап, одан әрі солтүстік аймақтарға қарай жылжуы соған дәлел бола алады. Алтай губерниясының аумағында орналасқан босқын қазақтардың жағдайының қаншалықты ауыр болғаны белгілі, бірақ соған қарамастан олардың елге қайтудан бас тартуы Қазақстандағы өмірдің бұдан да ауыр екендігін білдірген еді (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5192-іс. 67-п.).

Қазақстаннан келген уәкілдер тек босқындар санын анықтаумен қатар олардың шыққан аумақтары туралы да деректер жинақтады. Негізінен, бұл ұжымдастыру мен отырықшыландыру науқаны кезінде аса ірі зардап шеккен көшпелі қазақ аудандары – Қарқаралы, Қу, Абралы, Қызылтаң, Бесқарағай аудандарының тұрғындары болды (ҚР ПА, 141-қ. 1-т. 5192-іс. 47-п.).

Босқындарды елге қайтару барысында кейбір жергілікті билік органдары тарапынан өрескел бұрмалаушылықтар орын алды. Қазақтарды елге қайтару ісі толықтай жергілікті милиция органдарының қолында шоғырланғандықтан олардың тарапынан күштеу әдістері ашық қолданылды. Олар өздерінің алдына аудандарды 24 сағат ішінде қазақтардан босатуды мақсат етіп қойды. Мысалы, Шипунов ауданында олар 24 сағат ішінде жарықсыз және жылусыз 40 вагонның әрқайсысына 65-70 адамнан күштеп тиіп жіберді. Осы істі жүзеге асыру барысында қазақтарға қарсы дөрекі күш қолдануға жол берілді. Терезелерін шағып, жергіліктілердің есігін сындырды. Жұмыс орындарынан есеп айырысуға рұқсат бермей, өз ақшаларына көлік жалдауға мәжбүрлеу фактілері жиілеп кетті (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5192-іс. 47-п.).

1932 жылдың 14 мамырына дейін Сібірден Шығыс Қазақстан облысы аумағына 29 166 адам қайтарылды. Кейбір деректер бойынша ол жақта әлі де 14 500 босқын қалған еді [ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5192-іс. 53-п.].

Қазақстан билік органдарының босқындарды елге қайтару туралы шешімдеріне қарамастан олардың барлығын қайтару мүмкін емес екендігі айқын біліне бастады. Қаржылық және азық-түлікпен қамтамасыз етуде қиындықтар туындады. Осыған байланысты Сібір өлкелік билік органдарымен бірігіп отырып, қазақ босқындарын Сібірдің ірі құрылыстарына жұмысқа орналастыру мәселесі қарастырылды. Алайда осы бағытта жұмыс атқаруда да кедергілер болып, күрделі жағдай қалыптасты. Қазақ отбасыларында еңбекке жарамсыз адамдардың басым болуы, босқындардың орыс тілін білмеуі және өндірістік шеберліктерінің болмауы бұл бастамаманың жүзеге асуына кедергі болды.



2-кесте. 1926 және 1939 жж. халық санақтары аралығындағы Сібірдегі  
қазақ халқының динамикасы

[Table 2. Dynamics of the Kazakh population in Siberia  
between the population censuses 1926 and 1939]

облыстар	1926			1939		
	барлығы адам	оның ішінде		барлығы адам	оның ішінде	
		қала	Адам		қала	Ауыл
Алтай өлкесі	17 807	1 385	6 422	27 695	2 281	25 514
Новосібір	1 485	74	1 411	19 995	3 761	11 232
Омбы	30 003	586	29 417	51 891	2 423	49 468
Жиыны	49 295	1 045	47 250	99 479	13 465	86 014

Есептелді: Всесоюзная перепись населения 1926 г. Сибирский край. Москва, 1928. С. 20-21, 26-27, 30, 36, 59-60, 70, 72-73; Всесоюзная перепись населения 1939 г. Основные итоги. Москва, 1992. С. 59, 61-62.

Қарастырылып отырған кезеңде Сібірдегі қазақ халқының санының күрт өсуін босқыншылықпен түсіндіреміз. Салыстырмалы демографиялық әдісті қолдана отырып, 1926-1939 жылдар аралығында Сібірдегі қазақтардың саны 49 295 адамнан 99 479 адамға дейін өскенін көруге болады. Ең жоғарғы өсім Новосібір облысында болды, егер 1926 жылғы Бүкілодақтық халық санағының дерегі бойынша онда тұратын қазақтардың саны 1 485 адам болған болса, 1939 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша олардың саны 19 995 адамға дейін өскен. Бұл, бір жағынан, Новосібір облысы аумағындағы босқындар елге қайтару науқанына көп тартыла қоймағандықтан, екіншіден, осы аймақтардағы ірі өндіріс орындарына қазақ жұмысшыларының көптеп тартылуына байланысты болды.

Босқыншылықтың тағы бір басты бағыттарының бірі Батыс Қытай, яғни Шыңжаң провинциясы болды. Аталмыш өлкенің Қазақстанның шығыс аймақтарымен шекаралас орналасқаны белгілі. Кезінде екі империя қазақтар орналасқан аймақты екіге бөліп, шекара сызығын салып тастаған еді. Алайда бұл жағдай шекараның екі жағында орналасқан қазақтардың арасындағы туыстық қатынастардың тамырына балта шаба алмады. Екі беттің адамдарының арасында туыстық қатынастар әлі де берік болатын.

30-жылдардағы қазақтардың Қытайға босқыншылығы туралы мол деректер Қазақстан Республикасы Президентінің архивінде топтастырылған. Сол деректерге сүйене отырып жаңа босқыншылықтың ауқымы мен босқындардың саны туралы маңызды мәліметтер алуға болады. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысының (1932 ж. дейін Семей округі) Қытаймен шектесетін Үржар, Мақаншы, Зайсан, Тарбағатай, Катонқарағай, Күршім, аудандарынан босқындар саны 1930 жылға қарай өсіп, шекара маңындағы елді мекендер жоғала бастады. Зайсан ауданынан 1930 жылы Қытайға шамамен 1238 отбасы көшіп кетті, бұл – аудандағы халықтың үштен бір бөлігін құраған еді (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 4577-іс. 13-п.). 1931 жылы Катонқарағай ауданының Таңба ауылынан 207 адамнан тұратын 50 отбасы Қытай шекарасынан мал-мүлкімен бірге өтіп кетеді. Олардың басым бөлігі орта және кедей шаруалар еді (ШҚОМА Алтай бөлімшесі. 6-қ. 1-т. 155-іс. 6-10-пп.).

Ашаршылық 30-жылдардағы босқыншылықтың басты себебі болды. Сонымен қатар, шекара асып, Қытай жеріне жеріне кетудің ерекше себептері де болды. Іргелес отырған аймақтарды мекендеген қазақтардың арасындағы туыстық қатынастардың болуы да өзіндік рөл атқарғандығын атап өткен жөн. Бұл кезде елімізде тек азық-түлік тапшылығы ғана орын алып қойған жоқ, сонымен қатар, күнделікті өмірге қажетті тауарлардың жетіспеушілігі де кең орны алған еді. Осындай жағдайда көршілес Шыңжаң жеріндегі тауар молшылығы туралы алып-қашпа әңгімелер ел арасына кең тарады. Шекаралас аудан тұрғындарының Қытайға көшін күннен-күнге күшейте түсті.

Жердің орталықтан шалғайлығын пайдаланып шекара әскерлері де өз тарапынан кейбір бассыздықтарға жол берді. Олардың тарапынан қазақтарды заңсыз тұтқындау, ұрып-соғу, қалған малын тартып алу сияқты әрекеттер жиілеп кетті. Соған қарсылық ретінде шекаралық



аймақтан халықтың бір бөлігі үдере көшіп, шекара асып кетті. Мысалы, Катонқарағай ауданы аумағындағы Шыңдығытай шекара бекетінің тарапынан көрші қазақ ауылдарына көп зорлық-зомбылық көрсетілді.

Астық пен ет дайындау науқандары кезіндегі жергілікті басшылар тарапынан орын алған асыру сілтеушілік те босқыншылықтың өсуіне алып келді. Көшпелі аудандардың жағрапиялық жағдайы ескерілмеді және халықты шұғыл түрде астық салығын төлеуге мәжбүрледі. Осыған байланысты олар малын аса арзанға сатып, содан түскен қаржыға астық сатып алуға және оны мемлекетке өткізуге мәжбүр болды. Биліктің бұл қысымына шыдамаған халықтың бір бөлігі шекара асып кетті. Бұл кезде Кеңес өкіметінің дін саласындағы саясаты да тым қатал жүзеге асырыла бастағаны белгілі. Соның нәтижесінде діни мекемелер қиратылып, дінбасылар қудаланып жатты. Осы айтылғанның бәрі ақыры аса ірі босқыншылықтың басталуына алып келді.

Босқыншылыққа тосқауыл қою мақсатымен 1930 жылдың сәуірінде Қазақ АССР Халық Комиссарлар Кеңесі арнайы қаулы қабылдап, шекаралық аудандардан Қытайға кулак-бай шаруашылықтарының заңсыз қоныс аударуына қарсы күрес жөніндегі шараларды бекітті (ШҚОМА. 788-к. 1-т. 38а-іс. 13-п.). Қаулыға сәйкес шекаралық аймақтан сот шешімінсіз сенімсіз адамдарды, яғни байлар мен кулактарды, олардың отбасы мүшелерін 100 шақырымдық шекара жолағынан тыс жерлерге күштеп қоныс аудару белгіленді (ШҚОМА. Алтай бөлімшесі. 6-к. 1-т. 95-іс. 283-п.). Алайда, бұл шаралар билік күткендей нәтиже бере алмады.

Сонымен қатар, 30-жылдардағы босқыншылықтың тағы бір ерекшелігіне тоқталып өткен жөн. Барлық жерде бұл үрдіс стихиялы түрде болды деп айта алмаймыз. Оның ұйымдастырушылары тек жергілікті жерлерде ғана емес, тіпті өлкелік билік органдарының қатарында да болғандығын мұрағат деректері дәлелдеп отыр. Осындай ұйымдардың бірі Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданында 1931 жылдың тамызында құрылған, кеңес өкіметі контрреволюциялық «Оңшыл ұлтшыл ұйым» деп айдар таққан ұйым болды (ШҚОМА. 1п-к. 2-т. 4981-іс. 79-80-пп.). Оның құрамына толықтай дерлік аудан басшылығы, ауылдық кеңес басшылары мен ауыл белсенділері енді.

Ұйым мүшелері жасырын жиналыстарында елде қалыптасқан саяси-экономикалық ахуалға шынайы талдау жасап, төніп келе жатқан аштықтан халықты аман алып қалудың жолдарын талқылайды. Ұзақ талқылаудың нәтижесінде халықты құтқарудың бірден-бір жолы – Қытай аумағына кету деп шешім қабылдайды. Ауданның барлық ауылдарында жүргізілген үгіт-насихат жұмыстарының нәтижесінде шекарадағы ауылдарды ұйымдасқан түрде шекара асыру мәселелерін шешеді. 1931 жылдың күзі - 1932 жылдың көктемі аралығында Тарбағатай ауданының № 1, 2, 3, 4, 5 және 6 ауылдарынан 696 шаруашылық шекара асып кетуге әрекеттенеді. Шекаралық қарулы қарсылығына қарамастан олардың басым бөлігі малжаны, дүние-мүлкімен Шыңжаң аумағына өтіп кетеді (ШҚОМА. 1п-к. 2-т. 4981-іс. 95-п.).

Тарбағатай ауданындағы бұл ұйым тек өз аумағындағы ауылдардағы жұмыстармен шектеліп қалмай, көрші елдегі қазақтармен тығыз байланыс орнатып, босқын халықтың Қытай жерінде орналасу мәселелерін алдын-ала шешіп отыруға тырысты. Шыңжаңдағы белгілі қазақ қайраткерлерімен хат алмасып, ол жақтағы жағдай туралы, қытай билік органдарының босқындарға көзқарасы туралы мәліметтер жинады. Әсіресе, белгілі алашорда қайраткері Райымжан Мәрсековпен, қытай қазақтары басшыларының бірі Әлен Көгедәевпен қарым-қатынас өте пайдалы болды (ШҚОМА. 1п-к. 2-т. 4981-іс. 100-п.). Екі жақтың талқысына түскен маңызды мәселелердің бірі шекарадан өту барысында босқындарға қорған болатын қарулы топтарды Қытайдан арнайы алдыру болды.

Алайда бұл ұйымның жұмысы ұзаққа бармады. 1932 жылдың жазында олар әшкереленіп, оларға қарсы қылмыстық іс қозғалады. Ол бойынша 92 адам жауапқа тартылып, сотталады (ШҚОМА. 1п-к. 2-т. 4981-іс. 79-80-пп.). Осы тәріздес ұйымдар Шығыс Қазақстан облысының Зайсан, Күршім, Катонқарағай аудандарында құрылып, әрекет еткен. Олардың қызметіне байланысты құжаттардың басым көпшілігі әлі де болса құпиясыздандырылмағанын атап өткен жөн. Бұл «мәселені саясаттандырмау қажет» деген желеумен әлі де болса шындықты жасырып келеміз. Жалған жала жабылып, сотсыз ОГПУ «үштіктерінің» шешімімен сотталып, атылып кеткендер саны әлі де толық анықталмай жатыр. «Үштіктердің» айыпталушылардың әлеуметтік жағдайына байланысты қабылдаған әділетсіз үкімдерін мұрағат деректері дәлелдеп отыр. Бай, ауқатты ортадан шыққан айыпталушыларға олардың кінәсінен тыс аса ауыр



жазалар қолданылып, өлім жазасына кесілген үкімдер бірден орындалып отырған. Үкімді орындау туралы актілерге көз жүгіртсек, олардың түн уақытында жүзеге асырылғандығына куә боламыз және оларды атылған жерлерінде көміп кетіп отырған.

Босқындар Қытай жерінде жақсы тыныш өмірге үміт артып барған еді. Алайда олардың бір бөлігі шекара асу кезінде жергілікті құпия полиция (ОГПУ) тарапынан адам сенгісіз жауыздықтың құрбаны болды. Катонқарағай, Тарбағатай, Зайсан аудандарында әскерилер тарапынан босқындарды жаппай қыру әрекеттері жиі орын алды. Өздерін қорғау ниетімен қарсылық көрсеткен адамдардың барлығына қылмыскер, бандит деген айдар тағылып, қудалауға ұшырады. Қытай-қазақ шекарасында 1930 жылдың басында орын алған оқиға «Қаратал қырғыны» деген атпен танымал болды. Осы оқиға кеңес әскерлерінің бейбіт халыққа қарсы зорлық-зомбылығы мен озбырлығының айқын көрінісі болып табылады (Камерон, 2020:140). Осы оқиға туралы Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссариатының арнайы баяндамасы жасалып, әскерилердің тарапынан орын алған бассыздық пен қатыгездік толықтай мойындалған болатын. Қашқындардың көбі кедейлер болып, олардың тарапынан еш қарсылық көрсетілмесе де олар аяусыз өлтірілген еді. Тірі қалғандардың басым бөлігін құраған әйелдер мен балалар зорланғандығы дәлелденді. Сондай-ақ, қаза тапқандар мен тірі қалған адамдарды тонау оқиғалары орын алғандығы да мойындалды (ҚР ОМА. 44-к. 2-т. 492-іс. 54, 58-пп.).

Қаратал қырғыны деген атпен танымал болған бұл оқиға қазақ-қытай шекарасында орын алған қанды оқиғалардың бірі ғана. Соңғы уақытта құпиясыздандырылған архив деректері жаңа қылмыстардың бетін ашуда. 1930-1931 жылдары Қазақстанда қалыптасқан ауыр жағдайдан құтылу үшін мыңдаған адам Қытай асып, қашып бара жатқан кездерінде оққа ұшып қаза болған (ҚР ПА. 141-қ.1-т. 4577-іс. 1-2-пп.). 1928-1933 жылдар аралығында жалпы саны әлдеқайда көп, шамамен, екі жүз мыңдай адам шекара асып, Шыңжан аумағына өтіп кеткен (Камерон, 2020: 140).

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық ОГПУ бөлімшесінің 1931 жылдың 15 маусымындағы жедел хабарламасында Бетеу-Қанас асуы арқылы өтпек болған босқындардың жолына шекара бекетінің бастығы Кавешников басқарған отряд тосқауыл қойып, оларды қалай қырып тастағаны туралы баяндалады. Кавешников босқындардың 20 адамын атып өлтіріп, олжа ретінде 30 000 қой, 1 000 жуық жылқы, көп мөлшерде дүние-мүлік олжалағандығын аса бір мақтаныш сезімімен хабарлайды (ШҚОМА. 139п-қ. 1-т. 65-іс. 35-36-пп.). Бұл Шығыс Қазақстан аумағы арқылы Монғолиядан Шыңжаңға бет алған қандастарымыз еді.

Шекара асып, аман қалған қазақ босқындарының Қытай жеріндегі жағдайы да аса ауыр болды. 200 мыңдай аш-жалаңаш адамның Шыңжан жеріне келуі жағдайды ушықтырып жіберді. Жергілікті халықтың өзі аштықтың аз алдында тұрған еді. Тіпті тұз алу үшін адамдар ұзақ-сонар кезекке тұратын, ал ұн, тары, күріш мүлдем жоғалып кетеді. Шәуешек қаласының тумасы, кейіннен ұзақ жылдар Өскемен педагогикалық институтының деканы болған В.И. Петровтың «Мятежное сердце Азии. Синьцзян: краткая история народных движений и воспоминания» атты кітабында босқын қазақтардың өміріне де сипаттама берілген. 1932-1933 жылдары Шыңжаңның Шәуешек қаласының көшелерінде аш адамдар көбейіп кетеді. Қаланың орталық алаңында аштықтан құр сұлдері қалған босқын қазақтар тіпті тіл қатуға шамалары келмей, тек теңселіп, ыңыранып қайыр сұрап қол созуға ғана шамалары жететін. Түнге қарай олар жан-жаққа тарап кететін де, таңертең арнайы адамдар қаланы арбамен аралап, олардың өліктерін мұсылман зиратына таситын (Петров, 2003: 105).

Босқыншылықтың кеңес мемлекеті үшін экономикалық зардаптарымен қатар (жұмыс күшінің азаюы, мал санының кемуі т.б.) саяси салдары да болғанын атап өткен жөн. Өздерін кедей мен жарлының қамқоршысымыз деп танытуға тырысқан өкіметтің қол астынан осындай мол мөлшерде адамдардың басқа елге ауып кетуі, Кеңестер Одағының халықаралық аренадағы беделіне де біраз нұқсан келтірген еді. Осыған байланысты босқындарды кері қайтаруға әрекеттер жасала бастады. 1932 жылдың 23 тамызында Ауыл шаруашылық Халық Комиссариатының директивасына сәйкес Қытайдан босқындарды қайтару және оларды орналастыру шаралары жүзеге асырыла бастады. Семейде босқындарды орналастыру Комиссиясы құрылып, осы шараларды жүзеге асыру үшін арнайы қаражат қоры бөлінді.

Елге қайтқан босқындарды олардың қалауы бойынша өз атамекендеріне болмаса облыстағы экономикалық жағынан тұрақты колхоздарға орналастыру туралы шешім



қабылданды. Қолға алынған шаралар барлық жерде бірдей өз нәтижесін бермеді. Жергілікті басшылардың салғырттығы, жоғарғы билік органдары тарапынан бақылаудың әлсіздігі қолға алынған игі шаралардың жүзеге асуына кедергі болды. Бөлінген қаржы талан-таражға түсіп, өз мақсатында пайдаланылмауы босқындардың материалдық жағдайын жақсартуға мүмкіндік бермеді. Қазақ АКСР БК(б)П-сы Өлкелік бақылау комиссиясының және Жұмысшы-шаруа Инспекциясы Халық комиссариатының 1933 жылдың 21 сәуіріндегі барлық облыстық және округтік бақылау комиссияларына жолдаған нұсқау хатында осы кемшіліктердің беті ашылып, оларды тез арада жою талап етілді.

Экономикалық жағынан тұрақты саналған колхоздар негізінен орыс ұлты басым болған аудандарға тиесілі еді. Босқындардың бір бөлігінің осы аудандарға орналастырылуы жаңа кедергілерге жолықты. 1933 жылдың 21 қыркүйегінде «Казахстанская правда» газетінде Өскемен ауданында орын алған ұлыдержавалық шовинизм фактілерінің бой көрсетуі туралы мақала жарияланды. Мақалада босқындарды орналастыру және шаруашылық бекіту барысын жүйелі бақылауды және қадағалауды қамтамасыз етілмегені атап өтілді. «Трактор», «Ударник», «Прожектор», «Красная нива», «Искра», «Труд Калинина» ұжымшарлары бойынша босқындар тұрғын үйге бейімделген пәтерлермен, жылы киіммен және аяқ киіммен, қажетті үй тұрмысындағы заттармен, отынмен, азық-түлікпен қамтамасыз етілмегені анықталды. Соның салдарынан 14 босқын қайтыс болып, 15 босқын басқа жаққа кетуге мәжбүр болған.

«Ударник», «Красная нива», «Трактор», «Прожектор», «Ертіс» ұжымшарларында қазақ босқындарын негізсіз ұрып соғу орын алған. Мысалы, «Красная нива» ұжымшарында Гудков және Худяков дегендер осы ұжымшардың мүшесі Сулейменовты ұрып-соққан, ал Власов Иван Мусинова Батиманы соққыға жыққан. "Трактор" коммунасының мүшесі барлық тұрғындардың көз алдында Қалиевтің бетіне шелекпен ұрып, қорлаған. Осы қылмыстық әрекеттердің түпкі мақсаты – қазақ босқындарын орыс ұжымшарларына енгізбей қуып жіберу болды (ШҚО ҚЗТҚО. 73-к. 1-т. 13-іс. 216-219-пп). Мақалада көрсетілген фактілердің бәрі де расталып, Семей облыстық партия комитеті бюросының талқысына түсіп, тиісті шешімдер қабылданды. Айыптылар сотқа тартылып, өз жұмысына немқұрайлы қараған басшылар жазаланды.

Босқыншылықты тоқтатуға бағытталған шараларға қарамастан асыра сілтеушілікпен шаш ал десе бас алатын басшылардың іс-әрекеті жағдайды одан әрі ушықтырып, 1933-1934 жылдары елге қайтқан босқындардың бір бөлігі қайтадан шекара асып, жан сақтап қалу әрекеттеріне барды.

**5. Қорытынды.** Зерттелген мұрағаттық құжаттар негізінде Қазақстандағы 1928-1934 жылдардағы босқыншылық кеңес билігінің өлкеде жүргізілген «социалистік қайта құруларының» ауыр салдары болғаны дәлелденіп отыр. Кеңестердің саяси қуғын-сүргіндерінен, салық ауыртпашылығынан және түрлі шаруашылық науқандарын (нан, жүн, мақта, ет дайындау, ат әбзелдері, малды тәркілеу, көшпенділерді күшпен отырықшыландыру, ұжымдастыру және т. б.) күштеп өткізуді ұйымдастырушылардың әкімшілік террорынан зардап шеккен халықтың бір бөлігі босқындар қатарын толықтырды. Шекаралас аймақта орналасқан Шығыс Қазақстан облысының көшпелі және жартылай көшпелі аудандарының халқы жан сауғалап шетел асуға мәжбүр болды. Олардың негізгі бөлігі көршілес Алтай губерниясы аумағы мен Қытай жеріне өтіп кетті. Сол кезеңде халық есебін жүргізуде орын алған келеңсіз жағдайлар босқындардың нақты санын анықтауда үлкен қиындықтар туғызуда. Өртүрлі деректерді жинақтап, салыстыра отырып Шығыс Қазақстан облысы аумағынан 250 мыңға жуық адам босқыншылыққа ұшырады деуге негіз бар. Дегенмен, 20-30 жылдардағы көші-қон шығындары туралы мәселе әлі де болса ашық күйінде қалып отырғанын мойындауымыз қажет. Сондықтан босқыншылық мәселесі бойынша тарихшылардың алдында әлі де болса ауқымды зерттеу жұмыстары тұр.

#### Дереккөздер

АӨ МА — Алтай өлкесі мемлекеттік архиві.

ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві.

ҚР ПА — Қазақстан Республикасы Президентінің архиві.

ШҚОМА — Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік архиві.

ШҚОМА Алтай бөлімшесі — Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік архиві Алтай бөлімшесі.





ШҚО ҚЗТҚО — Шығыс Қазақстан облысының «Қазіргі заманғы тарихын құжаттандыру орталығы».

### Sources

SAAT — State archive of the Altai territory.  
 CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.  
 AP RK — Archive of the President of the Republic of Kazakhstan.  
 SAEKR — State Archive of the East Kazakhstan region.  
 AB SAEKR — Altai branch of the State Archive of East Kazakhstan region.  
 CDMH EKR — "Center for documentation of modern history" of the East Kazakhstan region.

### Әдебиеттер тізімі

Айдарбаева, 2009 — *Айдарбаева Р.К.* Казахи Алтайского края России. Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2009. 172 с.  
 Алексеенко, 1994 — *Алексеенко А.Н.* Сельское население Казахстана. 1920-1990 гг. НАН РК. Алматы, 1994. 59 с.  
 Всесоюзная перепись — Всесоюзная перепись населения 1926 г. Сибирский край. Бурято-Монгольский край. Москва: ЦСУ Союза ССР, 1928. 389 с.  
 Всесоюзная перепись — Всесоюзная перепись населения 1939 года: основные итоги. Москва: Наука, 1992. 254 с.  
 Камерон, 2020 — *Камерон Сара.* Голодная степь. Голод, насилие и создание Советского Казахстана. Алматы: Kazakhstan Risks Assessment Group, 2020. 304 с.  
 Қозыбаев, 1998 — *Қозыбаев М. Қ.* Тарих зердесі (Замана асуы). 1-кітап. Алматы: Ғылым, 1998. 344 б.  
 Мальшева, 1999 — *Мальшева М.П., Познанский В.С.* Казахи – беженцы от голода в Западной Сибири (1931-1934 гг.). Алма-Ата: Ғылым, 1999. 536 с.  
 Омарбеков, 1997 — *Омарбеков Т.* 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы: Санат, 1997. 350 б.  
 Омарбеков, 2003 — *Омарбеков Т.* Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. Алматы: Өнер, 2003. 552 б.  
 Петров, 2003 — *Петров В.И.* Мятежное сердце Азии. Синьцзян: краткая история народных движений и воспоминания. Москва: Крафт+, 2003. 528 с.

### References

Aidarbayeva, 1994 - *Aidarbayeva R.K.* Kazakhi Altaiskogo kraja Rossii [Kazakhs of the Altai Territory of Russia]. Ust-Kamenogorsk: EKSTU, 2009. 172 p. (In Rus.)  
 Alekseenko, 1994 - *Alekseenko A.N.* Selskoe naselenie Kazahstana [Rural population of Kazakhstan. 1920-1990]. NAS RK. Almaty, 1994. 59 p. (In Rus.)  
 All-Russian, 1928 - Vsesojuznaia perepis [All-Russian population census of 1926, Siberian Region. Buryat-Mongolian region]. Moscow: CSU of the USSR, 1928. 389 p. (In Rus.)  
 All-Russian, 1992 - Vsesojuznaia perepis [All-Russian Population Census of 1939: the main results]. Moscow: Nauka, 1992. 254 p. (In Rus.)  
 Cameron, 2020 - *Cameron Sarah.* Golodnaja step [Hungry steppe. Hunger, violence and the creation of Soviet Kazakhstan]. Almaty: Kazakhstan Risks Assessment Group, 2020. 304 p. (In Rus.)  
 Kozybayev, 1998 - *Kozybayev M. K.* Tarih zerdesi [History]. Book 1. Almaty: Science, 1998. 344 p. (In Kaz.)  
 Omarbekov, 1997 - *Omarbekov T.* Kazakstan kasireti [The tragedy of Kazakhstan in the 20-30s]. Almaty: Category, 1997. 350 p. (In Kaz.)  
 Omarbekov, 2003 - *Omarbekov T.* Kazakstan tarihih XX gasirdin ozekti maselelery [Actual problems of the history of Kazakhstan in the XX century]. Almaty: Art, 2003. 552 p. (In Kaz.)  
 Petrov, 2003 - *Petrov V.I.* Myateznoe serdtse Azii [The Rebellious heart of Asia. Xinjiang: A brief history of Popular Movements and Memories]. Moscow: Kraft+, 2003. 528 p. (In Rus.)



**Мазмұны 2023 № 26 (1)**

**ӘДІСНАМА  
бөлімі**

<i>1. Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е.</i> АРХЕОЛОГ В.Ф. ЗАЙБЕРТ ЖӘНЕ БОТАЙ МӘДЕНИЕТІ.....	5
--	---

**ТАРИХ бөлімі**

<i>2. Муминов А.Қ., Утепбергенова Ұ.А.</i> СӘДУАҚАС ҒЫЛМАНИ ТАРИХШЫ РЕТІНДЕ.....	15
---	----

<i>3. Айдарбаева Р.Қ.</i> 1930 ЖЖ. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ БОСҚЫНШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	30
---	----

<i>4. Оралова А.А., Қара Ә.</i> ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР ЖӘНІБЕКҰЛЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІ (XVIII ғ. 2-ші жарт.) .....	43
--	----

<i>5. Турлыбекова А.М., Мусагажимова А.А., Жакупов М.О.</i> ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ АРНАЙЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРДЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ.....	58
--	----

<i>6. Сақтаганова З.Ғ., Қарсақова Г.Б.</i> 1921-1923 ЖЫЛДАРДАҒЫ АҚМОЛА ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЛДАРЫНЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ.....	72
---	----

<i>7. Маликова С.З., Шериязданов Б.Р.</i> АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ӨКІЛІ ЖҰМАҒАЛИ ТІЛЕУЛИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР.....	83
---	----

<i>8. Жуманбаев Д.Н., Жуманбай Р.Н.</i> ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ БІРЛЕСТІКТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХНАМАСЫ.....	93
--	----

<i>9. Кайруллина А.К., Батталов К.К., Жуматай С.</i> БАЯНАУЫЛ СЫРТҚЫ ОКРУГІ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ ШАРТТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	108
--	-----

<i>10. Ильясова Г.С., Садыков Т.С.</i> ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІК АЙМАҒЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР: 1999-2009 ЖЖ. МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ.....	120
---	-----

<i>11. Ким Г.Н.</i> ПОЛИВАРИАНТТЫ ЗЕРТТЕУ КӨЗІ РЕТІНДЕ ЖЕР АУДАРЫЛҒАН КӨРІСТЕРДІҢ ВАГОНДЫҚ (ОТБАСЫЛЫҚ) ТІЗІМДЕРІ.....	132
---	-----

**АРХЕОЛОГИЯ. ЭТНОЛОГИЯ. АНТРОПОЛОГИЯ  
бөлімі**

<i>12. Гурсой М., Сиздиқов Б., Сералиев А.</i> МЫҢТӨБЕ НАУСЫ ХАҚЫНДА.....	144
--	-----



13. *Мионг С.О., Чан Б.С.*  
КЕҢЕСТІК КӘРІСТІК БАҚ-ТАҒЫ МӘДЕНИ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯЛАУ ПРОБЛЕМАСЫ:  
ДОМИНАНТТЫ НАРРАТИВ ЖӘНЕ ТАРИХИ ЖАДЫНЫ ЖАСЫРУ.....163
14. *Ақымбек Е.Ш., Талеев Д.Ә. Шагирбаев М.С.*  
ТЕРІС-АСА АЛҚАПТАРЫНДАҒЫ ҚАҢЛЫ  
ЖӘНЕ ТҮРКІ ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....173
15. *Нозайбаева Д.Т. Ибадуллаева З.Ө.*  
ТУЫСТЫҚ АНТРОПОЛОГИЯДАҒЫ НЕГІЗГІ КОНЦЕПТІЛЕРДІҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ  
КОМПОНЕНТІ: ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ.....190



## СОДЕРЖАНИЕ 2023 № 26 (1)

### Раздел МЕТОДОЛОГИЯ

1. Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е. АРХЕОЛОГ В.Ф. ЗАЙБЕРТ ЖӘНЕ БОТАЙ МӘДЕНИЕТІ.....	5
---	---

### Раздел ИСТОРИЯ

2. Муминов А.К., Утепбергенова У.А. САДУАҚАС ГЫЛМАНИ КАК ИСТОРИК.....	15
3. Айдарбаева Р.К. 1930 жж. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ БОСҚЫНШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	30
4. Оралова А.А., Қара А. ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР ЖӨНІБЕКҰЛЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІ (XVIII ғ. 2-ші жарт.).....	43
5. Турлыбекова А.М., Мусагажсинова А.А., Жакупов М.О. ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ АРНАЙЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРДЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ.....	58
6. Saktaganova Z.G., Karsakova G.B. SOME SOCIO-ECONOMIC AND DEMOGRAPHIC CONSEQUENCES OF FAMINE IN NORTHERN KAZAKHSTAN IN 1921-1923 (ON THE EXAMPLE OF AKMOLA PROVINCE).....	72
7. Malikova S. Z., Sheriyazdanov B.B. NEW SOURCES ON THE LIFE COURSE OF THE ALASH INTELLIGENTSIA REPRESENTATIVE ZHUMAGALI TLEULIN.....	83
8. Zhumanbayev D.N., Zhumanbay R.N. HISTORIOGRAPHY OF THE FORMATION AND DEVELOPMENT OF PUBLIC AND POLITICAL ASSOCIATIONS OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN.....	93
9. Кайруллина А.К., Батталов К.К., Жуматай С. БАЯНАУЫЛ СЫРТҚЫ ОКРУГІ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ ШАРТТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	108
10. Ilyasova G.S., Sadykov T.S. SOCIO-DEMOGRAPHIC PROCESSES OF THE NORTHERN REGION OF KAZAKHSTAN: BASED ON THE MATERIALS OF 1999-2009.....	120
11. Ким Г.Н. ПОВАГОННЫЕ (ПОСЕМЕЙНЫЕ) СПИСКИ ДЕПОРТИРОВАННЫХ КОРЕЙЦЕВ КАК ПОЛИВАРИАНТНЫЙ ИСТОЧНИК ИССЛЕДОВАНИЯ.....	132



**Раздел**  
**АРХЕОЛОГИЯ. ЭТНОЛОГИЯ. АНТРОПОЛОГИЯ**

<i>12. Гурсой М., Сиздиқов Б., Сералиев А.</i> МЫҢТӨБЕ НАУСЫ ХАҚЫНДА.....	144
<i>13. Мионг С.О., Чан Б.С.</i> ПРОБЛЕМА КУЛЬТУРНОЙ РЕПРЕЗЕНТАЦИИ В СОВЕТСКИХ КОРЕЙСКИХ СМИ: ДОМИНАНТНЫЙ НАРРАТИВ И СОКРЫТИЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ.....	163
<i>14. Акымбек Е.Ш., Талеев Д.А. Шағирбаев М.С.</i> ТЕРІС-АСА АЛҚАПТАРЫНДАҒЫ ҚАҢЛЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....	173
<i>15. Ноғайбаева Д. Т. Ибадуллаева З.О.</i> МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИЙ КОМПОНЕНТ ОСНОВНЫХ КОНЦЕПТОВ В АНТРОПОЛОГИИ РОДСТВА: ОТЕЧЕСТВЕННЫЙ И ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ.....	190



## CONTENT 2023 № 26 (1)

### Section METHODOLOGY

1. *Baigunakov D.S., Sabdenova G.E.*  
ARCHAEOLOGIST V.F. ZAIBERT AND BOTAI CULTURE.....5

### Section HISTORY

2. *Muminov A.K., Utepbergenova U.A.*  
SADUAQAS GHILMANI AS A HISTORIAN.....15
3. *Aydarbayeva R.K.*  
1930 REFUGEE PROBLEMS IN THE TERRITORY OF EAST  
KAZAKHSTAN IN THE 1930s.....30
4. *Oralova A.A., Kara A.*  
PERSONALITY OF BATYR KOZHABERGEN ZHANIBEKULY IN THE CONTEXT OF  
INTERNATIONAL RELATIONS (SECOND HALF OF THE 18TH CENTURY).....43
5. *Turlybekova A.M., Musagazhinova A.A.*  
THE TRAGEDY OF THE SPECIAL SETTLERS IN THE DOCUMENTS  
OF THE STATE ARCHIVE OF THE PAVLODAR REGION.....58
6. *Saktaganova Z.G., Karsakova G.B.*  
SOME SOCIO-ECONOMIC AND DEMOGRAPHIC CONSEQUENCES  
OF FAMINE IN AKMOLA PROVINCE IN 1921-1923.....72
7. *Malikova S.Z., Sheriyazdanov B.R.*  
NEW SOURCES ON THE LIFE COURSE OF THE ALASH INTELLIGENTSIA  
REPRESENTATIVE ZHUMAGALI TLEULIN.....83
8. *Zhumanbayev D.N., Zhumanbay R.N.*  
HISTORIOGRAPHY OF THE FORMATION AND DEVELOPMENT OF PUBLIC  
AND POLITICAL ASSOCIATIONS OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN.....93
9. *Kairullina A.K., Battalov K.K., Zhumatay S.*  
HISTORICAL CONDITIONS AND FEATURES OF BAYANAUL  
OUTER DISTRICT'S FORMATION.....108
10. *Ilyassova G.S., Sadykov T.S.*  
SOCIO-DEMOGRAPHIC PROCESSES OF THE NORTHERN REGION OF KAZAKHSTAN:  
BASED ON THE MATERIALS OF 1999-2009.....120
11. *Kim G.N.*  
CARRIAGE (FAMILY) LISTS OF DEPORTED KOREANS  
AS A POLYVERSION SOURCE OF RESEARCH.....132



**Section**  
**ARCHAEOLOGY. ETHNOLOGY. ANTHROPOLOGY**

<i>12. Gursoy M., Sizdikov B., Seraliyev A.</i> ON THE SAGANA IN THE MYNTOBE.....	144
<i>13. Soon-ok Myong, Byong-soon Chun.</i> THE PROBLEM OF CULTURAL REPRESENTATION IN SOVIET KOREAN MEDIA: DOMINANT NARRATIVE AND CONCEALMENT OF HISTORICAL MEMORY.....	163
<i>14. Akymbek Y.Sh., Taleev D.A., Shagirbayev M.S.</i> HISTORY OF STUDY OF SITES OF KANGUY AND TURKIC EPOCHS IN TERIS-ASA VALLEYS.....	173
<i>15. Nogaibayeva D.T. Ibadullayeva Z.O.</i> IDEOLOGICAL COMPONENT OF THE MAIN CONCEPTS IN THE ANTHROPOLOGY OF KINSHIP: DOMESTIC AND FOREIGN EXPERIENCE.....	190



**Редакцияның мекен-жайы:**

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: [otanhistory@gmail.com](mailto:otanhistory@gmail.com).

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде  
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге  
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

---